



Жоспар:

- ? 1.Күрделі сөздер туралы ғалымдардың зерттеуі
- ? 2.Күрделі сөздерге тән өзіндік белгілер
- ? 3.Күрделі сөздердің түрлері
- ? 4.Қорытынды
- ? Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- ? 1-с Түркі тілдерін зерттеуші тіл мамандары өздерінің еңбектерінде күрделі сөз мәселесіне де назар аударып, ол турасында байқағандарын көзден таса қалдырмаған. Ол еңбектерде қазіргі күрделі сөздердің барлық түрлеріне де қатысты айтылған құнды пікірлер бар.
- ? Түркі тілдерінің грамматикалық құрылысына арналған еңбектерде күрделі сөздердің компоненттері сабақтаса да, салаласа байланысатынына сөз болады. Мәселен, Н.К. Дмитриев «Башқұрт тілінің грамматикасы» деген еңбегінде жалаң сөздермен қабат, екі не одан да көп сөздердің тіркесінен пайда болған күрделі сөздердің де болатынын айта келіп, оған мысал ретінде билбау, аккөш (лебедь) , ташпаш (пескарь) тәрізді жалпы және Тимербулат тәрізді кейбір жалқы есімге жататын сөздерді келтіреді.

- ? 2-с А.Н.Кононов «Қазіргі өзбек әдеби тілінің грамматикасы» деген еңбегінде құрылысы жағынан сөздерді жалаң және күрделі деп 2-ге бөліп, жалаң түріне: от, қизил, езмоқ, ал күрделіге оққуш, құлорра, муз ерар, күз еши деген мысалдарды келтіреді де, күрделі сөздерді өз ішінде біріккен сөз, нағыз күрделі сөз, қос сөз деп үшке бөледі. Біріккен сөзге мысал ретінде қайынана, оғайни, билагузук, алабуға тәрізді сөздерді келтіреді.

- ? А.Н.Кононов есім тобына жататын күрделі сөздердің негізгі түрлерін түгелдей қамтып, оны тиісті тілдік факторларымен бекіте отырып дәлелдейді.

? 3-с Н.А.Баскаков күрделі сөздерді лексика-грамматикалық тұрғыдан сөз етеді де, оның негізгі екі түрін дұрыс көрсетеді. Келтірілген мысалдар ішінде ағаш есік, алтын сағат, қарағай ағаш, батыр кісі, орыс адам сияқты даулы жерлері болмаса, біздіңше басқа пікірлері шүбә тудырмайды.

? 4-с. Синтаксистік-морфологиялық тәсілден туып, қалыптасқан күрделі зат есімдерді татар тіл мамандары 4 түрге бөлді. 1- күрделі сөз, 2-қос сөз, 3-құрама сөз, 4- қысқарған сөз.

? 5-с Сонымен, жоғарыда сөз болған еңбектерде күрделі сөздердің екі түрі аталады. Бірі- компоненттері сабақтаса байланысқан, екіншісі – салаласа байланысқа құрылған түрлері. Бұлардан екінші, яғни, қос сөздер деп аталатын түрінің күрделі сөз болуы жайлы аракідік, екі ұшты пікірлер байқалғанмен, сабақтаса байланысқа құрылған түрінің күрделі сөз болуы шүбә тудырмайды.

? 6-с Осы күнге дейінгі зерттеулерге шолу жасайтын болсақ, қазақ тіл білімінде бұндай сөздердің табиғатына алғаш рет тілтанымдық зерттеулер жүргізген ғалым Ахмет Байтұрсынұлы болды. Ғалым күрделі сөздерді қос сөз деп атап, қазақ тілі дыбыс үндестігіне сәйкес келгенін бірге, «ауытқитынын» сызықша арқылы жазуды ұсынады. Мысалы басқұр, аққала, желкесер және жел-бау, жүк-аяқ, тілеу-бай.

- ? 7-с Байтұрсынұлының бұл принципінің негізгі себебін Н. Уәлиев былай түсіндіреді: «А.Байтұрсынұлы бес инвариант фонеманың әрқайсысын бір-бір әріппен белгілейді. Сөйте отырып, әлгі әріптер арқылы әр фонеманың екі түрлі әуезін (жуан, жіңішке) сол фонеманың таңбасына сыйғызып береді. Сөйтіп, инварианттың варианттары үшін бас- басына таңба алмай-ақ, дәйекші арқылы жуан немесе жіңішке (дәйекші болмауы жуан, дәйекші болуы жіңішке оқуды) әуезде оқылатындай жазу жүйесін» жасаған (2,14). Сонда дауыстылары бейүндес құрама сөздерді (жүк-аяқ, жел-бау және т.б.)
- ? әрі бұлардың құрама сөз екенін, әрі дәйекші арқылы бірінші сыңарларының жіңішке оқылатынын ескертеді.

? 8-с Профессор Қ.Жұбанов күрделі сөздердің қанша сөзден бірігіп, кірікпесін тұтасымен бір ғана мағына білдіріп, бір ғана заттың атауы болуын, сөйлемге мүше болғанда да жұбын жазбай, бір ғана мүше болуын, кейбіреулерінің құрамындағы сыңарларының дыбыстық өзгеріске түсуінен сыртқы түр-тұрпаты басқаша болып қалыптасуын, бір ғана екпінді иеленуін дұрыс тұжырымдайды.

? 9-с Профессор Н.Т.Сауранбаев қазақ тіліндегі изафеттік топтың түрлеріне тоқтала келіп : « Бірінші топтың өзгешелігі- олар синтаксистік шеңберден шығып, морфология, оның ішінде сөз тудыру жүйесіне арналған тәсіл...Изафеттің бұл түрі қазірде тұтас бір атау (лексема) болып ұғынылады», - дейді. Мысалға, қаламұш, желбеу, баскиім дегендерді келтіреді де сөйлемге бір мүше болатынын айтады.

? 10-с Г.Жаркешева: «...біріккен сөз дегеніміз семантикалық бір мағынаны білдіретін, сөйлемнің бір ғана мүшесі болатын, біріккен екі сөздің аралығына дыбысы үндесу заңы әсер ететін сөздер деп түсіну керек»,-дейді

? 11-с Профессор А.Ысқақов «...күрделі сөздерді, әлі де анықталмаған, айқындалмаған мәселелері көп. Ол мәселелердің негізгі түйінділері біріккен сөздер мен фразалық тіркестердің, біріккен сөздер мен идиомалық тіркестердің араларын ашу, олардың ара қатынастарын анықтау мәселелерімен байланысты», -дейді.

- ? 12 с КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРГЕ ТӘН ӨЗІНДІК БЕЛГІЛЕР
- ? Күрделі сөздің тіл жүйесінде алатын орны ерекше. Ол қолдану аясы кең, мағыналық қырлары өте мол, мазмұны терең тілдік құбылыс.
- ? Қазақ тіліндегі күрделі сөздердің қай-қайсысының болмасын орнығып, қалыптасып қалған құрылымы болады, ол екі немесе одан да артық сөзден жасалады. Бірақ, күрделі сөздер әр алуан болатындықтан, оның құрылымдық сипатының да өзіндік ерекшеліктері болатыны даусыз.

? 13-с Енді күрделі сөзге тән мағына тұтастығы деген мәселеге келсек, бұл да қазақ тіліндегі күрделі сөз атаулының барлығының бойынан кездесетін, оларды түгелдей қамтитын маңызды бір белгі- қасиет.

? 14-с Күрделі сөздердің құрамында қаншама сөз болмасын, барлығы қосылып бір ғана жалпы мағына беретінін кезінде профессор Қ.Жұбанов дұрыс көрсеткен-ді. Ол кісі қарақұс деген сөзге берген талдауында: «Мысалы қарға-қара құс десек, қандай құс деп сұрауға болады. Сонда, қарға ақ құс емес, қара құс деп түсін ашып беруге болады. Ал, қарақұс дегендегі қараны, бұлайша бөліп ала алмаймыз»

? 15-с Күрделі сөз проблемасын орыс тілі және онымен жүйелес басқа тіл материалы негізінде зерттеген профессор А.Смирницкий сөзге тән қасиет- тұлғалану, бұл - оны морфемадан ажыратуға критерий болады, ал күрделі сөзге тән қасиет- тұтас тұлғалану, бұл – оны компоненттері жеке-жеке тұлғаланатын сөз тіркесінен ажыратуға маңызды критерий деген.

? 16-с Н.М.Шанский күрделі сөз белгілеріне компоненттері арасына үшінші бір сөзді сыналап кіргізудің мүмкін болуын, құрамындағы сөздердің бір екпінді иеленуін, белгілі бір сөз табы болып, дыбысталуы мен мағына бірлігі болуын сөйлеу я жазу үстінде құрастырылмай, даяр қалпында алынып қолдана салуға болатынын, компоненттері жеке-жеке емес, бір бүтін тұлға ретінде тұтас тұлғалануын, номинативтік қызмет атқаруын, идеомаланған мағына болуын айтады.

? 17-с КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

- ? Күрделі сөздер жасалу жолына қарай төрт түрлі болады: біріккен сөздер, қос сөздер, қысқарған сөздер, тіркесті сөздер.

? 18-с Біріккен зат атаулары түркі тектес тілдердің бәрінде кездеседі. Екі сөзді біріктіріп, жаңа сөз жасау- ежелден келе жатқан мағыналық құрылымдық дәстүр. Бұл салада түркітанымда арнайы зерттеу нысандары басшылық: Н. Маматов, В.Г.Егоров. Қазақ тіл білімінде біріккен зат есімдер жөнінде сүйенерлік күрделі монографиялық зерттеулер жоқтың қасы. Дегенмен, біріккен сөздерге қатысты (Г. Жәркешева), емлемен байланысты зерттеулер, мақалалар (М.Балақаев, Б.Қалиев) т.б. баспа бетінде жарияланып келеді.

? 19-с

? Біріккен, кіріккен сөздер – екі, кейде үш сөздің, мағына және дыбыстық жағынан біртұтас лексикалық бірлікке көшкен сөздер. Құрамындағы сыңарларының бір-бірімен дыбыстық жағынан тұтасуы, бірге жазылуы арқылы, кіріккен сөздер басқа күрделі сөздерден ерекшеленеді, өйткені күрделі сөздер басқа түрлерінің сыңарлары бөлек жазылады.

? 20-с Қ.Жұбанов күрделі сөздер қанша сөзден біріксе де, кіріксе де біртұтас мағынаны білдіреді, бір ғана заттың атауы болатындығын атайды.

? 21-с Біріккен сөздердің жасалуы:

- ? 1) біріккен зат атауларының екі сыңары да толық лексикалық мағынасын сақтап, екі сыңардың қосындысынан түзілген сөздер: теміржол, шашбау, әнұран, елтаңба т.б.
- ? 2) бірінші сыңарының мағынасы күңгірттеніп, жартылай жойылып, екінші сыңары өзінің лексикалық мағынасын сақтағандар: қолбала, бозбала, көрбала, алақұйын, жарқанат, қылтамақ т.б.
- ? 3) бірінші сыңары лексикалық мағынасын сақтағанда, екінші сыңары мағыналық өзгеріске түскен: қолқанат, қолғабыс, қазанжаппа, қолүздік т.б.
- ? 4) екі сыңары да метафоралық жолмен мағыналық жолмен мағыналық өзгеріске түскендер: итарқа(үй), кемпірқосақ, алаөкпе, қаптесер(тышқан) т.б.
- ? 5) біріккен зат атауларының мағына бірлігіне идеомалану үрдісі ұйытқы болған. Біріккен зат атауларының құрамындағы сыңарлардың мағыналарының жиынтығы дәл, сәйкес келмейді. Мысалы, көкқасқа(шегіртке), ақсарбас (діни), көкжал (қасқыр), иткірмес(есік) т.б.

? 22-с Қос сөз - екі сыңардан тұратын , сыңарлары бір сөздің қайталануынан немесе біртектес синоним я антоним сөзден жасалып, бір ырғақпен тұтаса айтылатын сөздер аталады. Мысалы: ойын-сауық , ине- жіп, ыдыс-аяқ, құрал-сайман т.б.

? 23-с 7-8 ғасырлардағы Орхон-енисей жазба ескерткіштер тілінде қосарлы зат атауы бар екені белгілі. Ескерткіш тіліндегі зат, құрылымдық жағынан түрліше болып келген. Мәселен, ісіг-күшіг «күш-қуат», йер-суб «жер-су», көзі-қашы «көзі-қасы».

- ? 24-с Қос сөздердің жасалуының өзіндік қалыптасқан заңдылықтары бар:
- ? 1. Қос сөздердің екі сыңары да бір сөз табының сөзінде болады. Мысалы: қыз-келіншек, көрпе-жастық, жауын-шашын, жеті-сегіз, үлкен-кіші т.б.
- ? 2. Қос сөздердің сыңарлары мағыналық жағынан қатысы, байланысы бар, не синоним, не антоним сөздерден болады. Мысалы: ыдыс-аяқ, ине-жіп, әке-шеше т.б.
- ? 3. Қос сөздердің сыңарлары бір сөздің қайталануынан жасалады. Мысалы: айта-айта, тау-тау т.б.
- ? 4. Қос сөздердің екі сыңары да мағыналы сөздерден жасалады: қырық-елу, алпыс- жетпіс, әке- шеше т.б.

? 25-с

- ? 5. Қос сөздердің жасалуында тағы бір заңдылық бар. Ол қос сөздердің сыңарларының буын санының үндесіп келуі. Тілдегі қос сөздердің 80-90 пайызы буын саны жағынан тең буынды сөздерден, сыңарлардан тұрады. Мысалы: ән-күй, дәм-тұз, өнер-білім т.б.
- ? 6. Буын саны тең сыңарлардан қос сөздің жасалуы, олардың айтылуы үнемділігін көздеуден туған. Өйткені, қос сөздердің басым көпшілігінде буын үндестігі сақталады: ақыл – айла, сауыт-сайман, ауру-сырқау т.б.
- ? 7. Қос сөздердің екі сыңары да не бірыңғай жуан сөздерден, не бірыңғай жіңішке сөздерден жасалады: сауыт-сайман, ақыл-ой, көрген-білген.

? 26-с Тіркескен күрделі сөз екі не одан көп мағыналы сыңарлардан жасалып, біртұтас лексикалық мағына беретін сөздер аталады. Қазақ тілінде тіркескен күрделі сөздердің бірде бірге, бірде бөлек жазылуы да кездеседі. Мысалы: ақ құба- аққұба, он күндік – онкүндік т.б. Бұл қазақ тілінде жазудың бірнеше рет өзгеріп, емленің қалыптасып үлгермеуіне байланысты.

? 27-с Тіркескен күрделі сөздер басқа да туынды сөздер сияқты сөз таптарына қатысты. Мысалы: май балық , қара торғай – зат есім; ақ ала, қызыл күрең-сын есім; елу екі, бес мың – сан есім т. б.

? 28-с Сөзді қысқартып, ықшамдап айту, жеңілдетіп қолдану тілде көне замандардан бар. Бұл тілде кең орын алатын ықшамдау заңдылығымен байланысты. Ол заңдылық дүние жүзіндегі барлық тілдерде бар, оның түрлері қатысты салалары да мол. Соның бірі- қысқарған сөздер.

? 29-с Қазақ тілінде адам атын қысқартып қолданудың түрлі жолы бар:

? 1. Үлкен адамды сыйлау, құрметтеу мақсатында кісі атын қысқарту:
Жұмбай- Жұмеке, Бейсен- Бәке;

? 2. Бала атын еркелету ретінде қысқарту:
Айнагүл- Айнаш;

- ? 30-с Күрделі атаулар әр түрлі жолдармен қысқартылады:
- ? 1. Күрделі атау құрамындағы сөздердің бас әріптерінен құралады: БҰҰ, КТУ т.б.
- ? 2. Күрделі атау құрамындағы бірінші сөздің бас буыны мен кейінгі сөздердің бас әріптерінен құралады: ҚазМИ, ҚазМУ т.б.
- ? 3. Күрделі атау құрамындағы сөздердің бірінші буындарынан немесе бірінші сөздің бірінші буыны мен келесі сөз тұтасымен бірігіп құралады: обкомға барды, ауткомда болды т.б.
- ? 4. ГА3-51, ТУ-154, Ил-86, АН-24 тәрізді техника түрлерінің маркаларын көрсету үшін алынған шартты белгілер де қысқарған сөздер болып табылады. Бұндай қысқарған сөздер бас әріппен жазылады да, қосымша дефис арқылы жалғанады : ТУ- 154- пен ұшып келдім.
- ? 5. Әр түрлі өлшемнің атауы болып табылатын м, см, кг, ц, га, т.б. тәрізді белгілер де қысқарған сөздер болып табылады. Бұлар кіші әріппен жазылады да, қосымша жалғанбайды.

? 31-с ҚОРЫТЫНДЫ

? ҰЯШЫҚҚА САЛАТЫН СҰРАҚТАР (готовый ұяшық ала сал биреуден әдемісін)

? 1.Күрделі сөздің анықтамасы

? 2.Күрделі сөздердің түрлері

? 3.Күрделі сөз бен еркін тіркестің айырмашылығы

? 4. Күрделі сөздерге қай ғалымдар анықтама берген

? 5.Қос сөздердің жасалуындағы бірінші заңдылық

? 6.Қос сөз туралы пікірлер

? 7. Тіркескен күрделі сөздің анықтамасы

? 8.Тіркескен күрделі сөздердің сөз таптарына қатысы

? 9.Сөздердің қысқартудың мақсаты,себебі

? 10.Қазақ тілінде ертеде қысқартылған сөздер